

Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердегі қызметтер көрсету саудасы және инвестициялар туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 8 шілдедегі № 455-IV Заңы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердегі қызметтер көрсету саудасы және инвестициялар туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев

Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердегі қызметтер көрсету саудасы және инвестициялар туралы КЕЛІСІМ (2012 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2012 ж., N 1, 13-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру туралы келісімді назарға ала отырып,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты басшылыққа ала отырып,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шарттың ережелерін іске асыра отырып,

қызметтер көрсетудің өзара саудасын кеңейту және оны ырықтандыру деңгейін арттыру үшін жағдай жасауға ниет білдіре отырып,

Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердің экономикалық өсуіне жәрдемдесу мақсатында мұндай мемлекеттердегі қызметтер көрсетудің өзара саудасына арналған бірыңғай қағидаттар мен қағидалар жасауға ниет білдіре отырып,

бір Тарап мемлекеті тұлғаларының басқа Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында қаражатты инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасауға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегі ұғымдар мынаны білдіреді:

(а) "Тараптың нормативтік құқықтық актілері" - Тарап мемлекетінің заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілері;

(б) "Тарап шарасы" - Тараптың нормативтік құқықтық актісі, сондай-ақ осы Тарап мемлекеті органының немесе лауазымды адамының осы Тарап мемлекетінің мемлекеттік билігінің кез келген деңгейінде оның жергілікті өзін-өзі басқару органдары немесе осындай органдар өздеріне берген өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде ұйымдар қабылдаған шешімі, әрекеті немесе әрекетсіздігі.

Тарап мемлекетінің органы ұсынымдық сипаты бар ресми құжатты қабылдаған (шығарған) жағдайда, егер мұндай ұсыным адресаттарының басым бөлігі (осы Тарап мемлекетінің мемлекеттік, өңірлік және/немесе муниципалдық билік органдары, осы Тараптың үкіметтік емес органдары, осы Тараптың тұлғалары, басқа Тараптың тұлғалары, сондай-ақ кез келген үшінші мемлекеттің тұлғалары) іс жүзінде оны басшылыққа алатыны дәлелденген жағдайда, бұл ұсыным осы Келісім мақсаттарына арналған шара деп танылуы мүмкін;

(в) "Тарап аумағы" - Тарап мемлекетінің аумағы;

(г) "Тарап тұлғасы" - Тараптың кез келген жеке немесе заңды тұлғасы;

(д) "Тараптың жеке тұлғасы" - осы Тарап мемлекетінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес оның азаматы болып табылатын кез келген жеке тұлға;

(е) "Тараптың заңды тұлғасы" - осы Тараптың нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Тарап аумағында ашылған немесе құрылған кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға;

(ж) "құру":

i. аумағында осындай заңды тұлға ашылатын немесе құрылатын Тараптың нормативтік құқықтық актілерінде көзделген кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы және меншік нысанындағы заңды тұлғаны ашу, құру және (немесе) иелену (ашылған немесе құрылған заңды тұлғаның капиталына қатысу); немесе

ii. мұндай заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы, оның ішінде дауыс беретін акцияларына (үлестеріне) келетін дауыстарды иелену жолымен, осындай заңды тұлғаның директорлар кеңесіне (байқаушы кеңесіне) және өзге де басқару органдарына қатысу жолымен айқындау мүмкіндігін алудан көрінетін Тараптың заңды тұлғасының үстінен бақылауды иелену; немесе

i. филиал ашу; немесе

ii. өкілдік ашу; немесе

iii. дара кәсіпкер ретінде тіркелу.

(з) "қызмет" - осы баптың "ж" тармағының "і" - "v" тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің және (немесе) дара кәсіпкерлердің қызметі;

(и) "қызметтер көрсету саудасы" - қызметтер өндірісін, бөлуді, маркетингін, сатуды, жеткізілуін қамтитын және мынадай тәсілдермен жүзеге асырылатын:

i. бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағына; немесе

ii. бір Тараптың аумағында осы Тараптың тұлғасы екінші Тараптың тұлғасына қызметтер көрсету;

(к) "қызметтерді жеткізуші" - қызметті жүзеге асыру және қызметтер көрсету саудасы шеңберінде қызметтерді жеткізетін кез келген тұлға.

I тарау

Құру және қызмет 2-бап

1. Осы тараудың ережелері Тараптардың құруды және (немесе) қызметті қозғайтын кез келген шараларына қолданылады.

2. Осы тараудың ережелері Тараптың аумағында осы Тараптың нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік билік функцияларын орындауға байланысты қызметке қолданылмайды.

3. Осы Келісім күшіне енген күні құрылған, ашылған, сатып алынған немесе бақыланатын, тіркелген және әрекет етуін жалғастыра беретін, сондай-ақ осы Келісім күшіне енгеннен кейін құрылған, ашылған, сатып алынған, бақыланатын немесе тіркелген заңды тұлғаларға, филиалдарға, өкілдіктерге, дара кәсіпкерлерге осы Келісім қолданылады.

3-бап

1. Әрбір Тарап осы Келісімге IV қосымшада Тараптардың әрқайсысына арналған жеке ұлттық тізбеде көзделген шектеулерді ескере отырып, құруға және (немесе) қызметке қатысты кез келген басқа Тараптың тұлғаларына қолайлылығы осындай жағдайларда өзінің аумағындағы өз тұлғаларына ұсынылатын режимнен кем болмайтын режимді ұсынады.

2. Әрбір Тарап өзінің аумағында құруға және (немесе) қызметке қатысты осындай жағдайларда кез келген басқа Тараптың тұлғаларына қолайлылығы осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын мемлекеттердің тұлғаларына ұсынылатын режимнен кем болмайтын режимді ұсынады.

3. Осы Келісімдегі ештеңе Тараптарға осы баптың 4-тармағының талаптарына сай келетін экономикалық ықпалдасу туралы келісімдер жасасуға кедергі келтірмейді. Осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын кез келген мемлекетпен осындай экономикалық ықпалдасу туралы келісім жасасқан әрбір Тарап осындай жағдайларда

өзі осындай экономикалық ықпалдасу туралы келісім шеңберінде ұсынатын жеңілдіктерді басқа Тараптарға өзара негізде ұсынады. Осы тармақта жеңілдіктер деп осы Келісімге IV Қосымшадағы Тараптың жеке ұлттық тізбесінде көзделген бір немесе бірнеше шектеуді оның алып тастауы түсініледі.

4. Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай өлшемдерге сай келетін:

i. қызметтер көрсету секторының қомақты бөлігін қамтитын, сондай-ақ қызметтерді жеткізу тәсілдерінің және құру мен қызмет мәселелерінің бір де біреуін априори жоққа шығармайтын;

ii. кемсітушілік шараларының қолданыстағыларын жоюға, сондай-ақ жаңаларын енгізуге тыйым салуға бағытталған;

iii. қызметтер көрсету саудасын ырықтандыруға бағытталған келісімдер Тараптардың бірі мен осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын мемлекет (мемлекеттер) арасындағы экономикалық ықпалдасу туралы келісімдер деп танылады.

Ұқсас экономикалық ықпалдасу туралы келісімнің мақсаты оған қатысушылар арасындағы қызметтер көрсету саудасы мен құру және қызмет шарттарын оңайлату болып табылады, ал кез келген үшінші мемлекетке қатысты ұқсас келісім ол белгілі бір секторлардағы немесе шағын секторлардағы қызметтер саудасындағы кедергілердің жалпы деңгейінің ұқсас келісім жасалғанға дейін қолданылған деңгеймен салыстырғанда жоғарылауына алып келмеуге тиіс.

5. Осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын кез келген мемлекетпен осы баптың 3-тармағында аталған экономикалық ықпалдасу туралы келісім жасасқан Тарап оған қол қойылған күннен бастап бір ай ішінде басқа Тараптарға осындай келісім жасалғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

4-бап

1. Осы Келісімге IV қосымшада Тараптардың әрқайсысына арналған жеке ұлттық тізбеде көзделген шектеулерді қоспағанда, Тараптардың бір де біреуі құруға және (немесе) қызметке байланысты кез келген басқа Тараптың тұлғаларына қатысты:

(а) құру нысанына, оның ішінде заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанына;

(б) ашылатын, құрылатын және (немесе) сатып алынатын заңды тұлғалардың, филиалдардың немесе өкілдіктердің, тіркелетін дара кәсіпкерлердің санына;

(в) заңды тұлғаның капиталындағы сатып алынатын үлес көлеміне немесе заңды тұлғаның үстінен бақылау дәрежесіне;

(г) құрылған, ашылған, сатып алынған немесе бақыланатын заңды тұлға, филиал, өкілдік, тіркелген дара кәсіпкер квота, экономикалық орындылығы тұрғысындағы тест нысанындағы немесе кез келген өзге сандық нысандағы қызметті жүзеге асыру барысында олардың операцияларына қатысты шектеулерді қолданбайды және енгізбейді.

2. 2010 жылғы 19 қарашадағы Еңбекші мигранттардың және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімнің ережелерін ескере отырып, Тараптардың әрқайсысы кез келген басқа Тараптың тұлғаларына қатысты осы Келісімге IV қосымшада Тараптардың әрқайсысына арналған жеке ұлттық тізбеде көзделген шектеулерді қоспағанда, құрылған, ашылған, сатып алынған немесе бақыланатын заңды тұлға, филиал, өкілдік, тіркелген дара кәсіпкер қызметіне қатысты қызметкерлерді жалдауға байланысты шектеулерді қолданбайды және енгізбейді. Егер мұндай қағидаларды қолдану қызметкерлерді азаматтығына қарай нақты кемсітуге әкеліп соқпаса, осы тармақтың ережелері қызметкерлердің біліміне, тәжірибесіне, біліктілігіне, беделіне қойылатын талаптарға қолданылмайды.

5-бап

1. Осы Келісімге IV қосымшада Тараптардың әрқайсысына арналған жеке ұлттық тізбеде көзделген шектеулерді қоспағанда, Тараптардың бір де біреуі басқа Тараптардың тұлғаларына қатысты құруға және (немесе) қызметке байланысты қосымша мынадай:

(а) шығарылған тауарлардың немесе қызметтердің барлығын немесе бір бөлігін экспорттау;

(б) тауарларды немесе қызметтерді импорттау;

(в) Тарап мемлекеті шығарған мемлекет болып табылатын тауарларды немесе қызметтерді сатып алу немесе пайдалану;

(г) осы Тараптың аумағында тауарларды сатуды немесе қызметтерді жеткізуді, осы Тараптың аумағына/аумағынан тауарлар импортын немесе экспортын шектейтін және өндірілетін тауарлар (жеткізілетін қызметтер) көлемдеріне, жергілікті тауарларды немесе қызметтерді пайдалануға тәуелді немесе кәсіпорынның осы тармақта көрсетілген операцияларға байланысты тиесілі шетелдік валютаға қол жеткізуін шектейтін талаптарды;

(д) технологияларды, ноу-хауды және коммерциялық құндылығы бар өзге ақпаратты Тараптар арасындағы өзге келісімдермен белгіленген бәсекелестік саясатын жүзеге асыру қағидалары сақталған жағдайда соттың немесе бәсекелестікті қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде беру жағдайларын қоспағанда, оларды беру талаптарын шарт ретінде енгізбейді және қолданбайды.

2. Осы баптың 1-тармағының "а" - "д" тармақшаларында көрсетілген талаптарды орындау басқа Тараптың аумағында құруға немесе қызметке байланысты кез келген Тарап тұлғасының қандай да бір артықшылық алуы үшін де негіз болып табыла алмайды.

3. Осы баптың ережелері Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің келісімдері шеңберінде Тараптардың өзге уағдаластықтары үшін залалсыз қолданылады.

6-бап

1. 09.12.2010 ж. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімнен туындайтын міндеттемелерге сәйкес және осы Келісімнің 4-бабы 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Тараптардың әрқайсысы өз аумағында табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды сақтап қала алады.

2. Өз аумағында осы баптың 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды сақтап қалатын Тарап мұндай заңды тұлғалардың 09.12.2010 ж. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім бойынша осы Тараптың міндеттемелерімен үйлесетіндей түрде әрекет етуін қамтамасыз етеді.

3. Егер бір Тараптың осы баптың 1-тармағында аталған заңды тұлғасы басқа Тараптардың тұлғаларымен тікелей немесе өзі бақылайтын заңды тұлға арқылы өзінің монополиялық құқықтарының саласынан тыс бәсекелессе, онда бірінші Тарап өзінің осындай заңды тұлғасының осы Келісім бойынша бірінші Тараптың аумағында осындай бірінші Тараптың міндеттемелерімен үйлеспейтіндей түрде әрекет ете отырып, өзінің монополиялық жағдайын теріс пайдаланбауын қамтамасыз етеді.

II тарау

Қызметтер көрсетудің трансшекаралық саудасы

7-бап

1. Осы Тараудың ережелері Тараптардың қызметтер көрсету саудасын қозғайтын мыналарға:

- i. қызметтер көрсетуді сатып алуға, төлеуге немесе пайдалануға;
- ii. оларға қатысты мұндай Тараптар бұқаралық шарт жасасу талабын белгілейтін қызметтерді ұсынуға байланысты қызметтерге қол жеткізуге және қызметтерді пайдалануға қатысты шаралар ретінде түсінілетін шараларына қолданылады.

2. Осы Тараудың ережелері:

(a) мыналардан:

- i. ұшақтарды жөндеу және пайдалану қызметін көрсетуден;
- ii. авиакөлік қызметтерін сатудан және оның маркетингінен;

iii. резервке қоюдың компьютерлік жүйесі қызметтерінен басқа, әуе көлігімен тасымалдау құқықтарына және тасымалдау құқықтарына тікелей қатысты қызметтер көрсетуге;

(б) үкіметтік мақсаттар үшін және коммерциялық қайта сату мақсатынсыз және қызметтерді коммерциялық өткізу үшін жеткізу кезінде пайдалану мақсатынсыз қызметтерді үкіметтік мекемелердің сатып алуына;

(в) мемлекеттік билік функцияларын орындау кезінде көрсетілетін қызметтерге;

(г) субсидиялар беруге қолданылмайды.

8-бап

Байланыс қызметтерін көрсету мен қаржылық қызметтер көрсету саудасының ерекшеліктері осы Келісімге I және V қосымшалармен реттеледі.

9-бап

1. Әрбір Тарап қызметтер саудасына қатысты кез келген басқа Тараптың қызметтеріне және қызметтерді жеткізушілеріне өзінің меншікті осындай қызметтеріне және қызметтерді жеткізушілеріне секторларда және осы Келісімге III қосымшада Тараптардың әрқайсысына арналған жеке ұлттық тізбеде көзделген шектеулер мен шарттарды ескере отырып, қолайлылығы осындай мән-жайларда берілетін режимнен кем болмайтын режимді ұсынады.

2. Әрбір Тарап осы Келісімге II қосымшада Тараптардың әрқайсысына арналған жеке ұлттық тізбеде көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтер саудасына қатысты кез келген басқа Тараптың қызметтеріне және қызметтерді жеткізушілеріне осындай мән-жайларда қолайлылығы осы Келісімге қатысушылар болып табылмайтын мемлекеттердің осындай қызметтеріне және қызметтерді жеткізушілеріне берілетін режимнен кем болмайтын режимді ұсынады.

3. Осы Келісімде ештеңе Тараптарға осы баптың 4-тармағының талаптарына сай келетін экономикалық ықпалдасу туралы келісімдер жасасуға кедергі келтірмейді. Осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын кез келген мемлекетпен осы баптың 4-тармағында аталған экономикалық ықпалдасу туралы келісім жасасқан әрбір Тарап осындай жағдайларда өзі осындай экономикалық ықпалдасу туралы келісім шеңберінде ұсынатын жеңілдіктерді басқа Тараптарға өзара негізде ұсынады. Осы тармақта жеңілдіктер деп осы тармақта аталған Тараптың осы Келісімге II - III Қосымшалардағы жеке ұлттық тізбесінде көзделген бір немесе бірнеше шектеуді оның алып тастауы, сондай-ақ осы Келісімге III Қосымшадағы оның жеке ұлттық тізбесіне енгізілмеген секторларда осы баптың 1-тармағында көзделген мән-жайларға ұқсас міндеттемелерді қабылдауы түсініледі.

4. Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай өлшемдерге сай келетін:

i. қызметтер көрсету секторларының қомақты бөлігін қамтитын, сондай-ақ қызметтерді жеткізу тәсілдерінің және құру мен қызмет мәселелерінің бір де біреуін априори жоққа шығармайтын;

ii. кемсітушілік шараларының қолданыстағыларын жоюға, сондай-ақ жаңаларын енгізуге тыйым салуға бағытталған; және

iii. қызметтер көрсету саудасын ырықтандыруға бағытталған келісімдер Тараптардың бірі мен осы Келісімге қатысушылар болып табылмайтын мемлекет/мемлекеттер арасындағы экономикалық ықпалдасу туралы келісімдер деп танылады.

Мұндай келісімнің мақсаты оған қатысушылар арасындағы қызметтер көрсету саудасы мен құру және қызмет шарттарын оңайлату болып табылады; ол кез келген үшінші мемлекетке қатысты белгілі бір секторлардағы немесе шағын секторлардағы қызметтер көрсету саудасындағы кедергілердің жалпы деңгейінің мұндай келісім жасалғанға дейін қолданылған деңгеймен салыстырғанда жоғарылауына алып келмеуге тиіс.

5. Осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын кез келген мемлекетпен осы баптың 3-тармағында аталған экономикалық ықпалдасу туралы келісім жасасқан Тарап оған қол қойылған күннен бастап бір ай ішінде басқа Тараптарға осындай келісім жасалғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

10-бап

Осы Келісімнің 9-бабында аталған қосымшаларда көзделген шектеулерді қоспағанда, осы Келісімге III қосымшада санамаланған секторларда Тараптардың бір де біреуі қызметтер көрсету саудасына байланысты басқа Тараптың қызметтеріне және қызметтерді жеткізушілеріне қатысты:

i. квота, монополия, экономикалық орындылығы тұрғысындағы тест нысанындағы немесе кез келген өзге сандық нысандағы қызметтерді жеткізушілер санына;

ii. квота, экономикалық орындылығы тұрғысындағы тест нысанындағы немесе кез келген өзге сандық нысандағы кез келген қызметтерді жеткізушінің операцияларына қатысты шектеулер қолданбайды және енгізбейді.

10 bis-бабы

Осы Келісімнің 9-бабында аталған қосымшаларда көзделген шектеулерді қоспағанда, осы Келісімге III Қосымшада санамаланған секторларда Тараптардың бір де біреуі басқа Тараптың қызметтерді жеткізушілеріне қатысты қызметтер саудасына арналған шарт ретінде құру талабын (осы Келісімнің 1-бабының "ж" тармақшасында айқындалғандай) енгізбейді және қолданбайды.

11-бап

Брықтандырудың неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу мақсатында Тараптар 3 жылда кемінде бір рет осы Келісімнің 9-бабында аталған шектеулердің және осы Келісімнің 10-бабында аталған шектеулердің санын біртіндеп қысқартуға бағытталған келіссөздер жүргізеді.

IV тарау

Жеке тұлғалардың келуі, кетуі, болуы және еңбек қызметі

12-бап

Жеке тұлғалардың келуі, кетуі, болуы және еңбек қызметі ұлттық заңнамада және Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленеді.

V тарау

Транспаренттілік 13-бап

1. Әрбір Тарап осы Тараптың осы Келісімде қамтылатын мәселелерді қозғайтын немесе қозғауы мүмкін кез келген нормативтік құқықтық актілерінің ресми көзде, ал мүмкіндігіне қарай арнайы бөлінген интернет-сайтта құқықтары және (немесе) міндеттемелері Тараптың осындай нормативтік құқықтық актілерімен қозғалуы мүмкін кез келген тұлға олармен танысуға мүмкіндік алатындай түрде жариялануын қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған нормативтік құқықтық актілерді жариялау осындай нормативтік құқықтық актілерді қолдану мақсаттарының түсініктемесін қамтуға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған кез келген нормативтік құқықтық актілер құқықтық айқындылықты және құқықтары және (немесе) міндеттемелері Тараптың осы нормативтік құқықтық актілерімен қозғалуы мүмкін тұлғалардың негізделген үміттерін қамтамасыз ететін мерзімде, бірақ кез келген жағдайда олар күшіне енген күнге дейін жариялануға тиіс.

4. Әрбір Тарап кез келген тұлғаның осы Келісімде қамтылатын мәселелер бойынша қолданыстағы және (немесе) жоспарланатын нормативтік құқықтық актілерге қатысты жазбаша сұрауларына жауап беруді қамтамасыз ететін тетік құрады. Сұрауларға жауаптар осындай мүдделі тұлғаға жазбаша сұрау алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей ұсынылуы тиіс.

VI тарау

Ішкі реттеу 14-бап

Тараптардың қызметтер саудасын қозғайтын шараларына қатысты Тараптар мынадай ережелерді қолданады.

1. Осы Келісімнің 9-бабында аталған қосымшаларға енгізілген секторларға қатысты әрбір Тарап осы Тараптың қызметтер саудасына әсер ететін шараларының барлығы парасатты, объективті және әділ түрде қолданылуын қамтамасыз етеді.

2. а) Әрбір Тарап сот, төрелік немесе әкімшілік органдарды немесе мүдделері қозғалатын қызметтер жеткізушінің сұрауы бойынша қызметтер саудасына әсер ететін тиісті әкімшілік шешімдерді түзететін шараларды дереу қарауды және негізделген түрде қабылдауды қамтамасыз ететін рәсімдерді іс жүзінде мүмкіндігінше жылдам иеленеді немесе құрады. Аталған рәсімдер мұндай әкімшілік шешімдерді қабылдауға уәкілетті органға тәуелсіз болмайтын жағдайларда Тарап рәсімдердің шынында да объективті және әділ қарауға негіз болуын қамтамасыз етеді.

б) Осы тармақтың "а" тармақшасының ережелері Тараптың конституциялық тәртібіне немесе оның сот жүйесінің табиғатына үйлеспейтін жағдайларда оған мұндай органдарды немесе рәсімдерді құруға талап қоюды көздемейді.

3. Осы Келісімнің 9-бабында аталған қосымшаларға енгізілген қызметтерді жеткізуге рұқсат талап етілген жағдайда Тараптың құзыретті органдары ұлттық заңнама талаптарына және реттеу қағидаларына сәйкес ресімделген деп саналған өтінім ұсынылғаннан кейін ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде өтінім берушіге өтінішке қатысты шешім туралы хабарлайды. Өтінім берушінің сұрауы бойынша Тараптың құзыретті органдары шамадан тыс кідіртпей, өтінімді қарау барысы туралы ақпарат береді.

4. Біліктілік талаптары мен рәсімдеріне, техникалық стандарттар мен лицензиялау талаптарына жататын шаралар қызметтер саудасында ақталмайтын кедергілер жасамайтындай жағдайды қамтамасыз ету үшін Тараптар өздері құра алатын тиісті органдар арқылы кез келген қажетті қағидаларды әзірлеуге құқылы. Бұл қағидалардың мақсаты осы талаптардың өзгелер қатарында:

а) құзыреттілік және қызметтерді жеткізуге қабілеттілік сияқты объективті және жария өлшемдерге негізделуін;

б) қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті шамадан артық ауыртпалықты болмауын;

в) лицензиялау рәсімдері жағдайында - олардың өздерінің қызметтерді жеткізуге шектеу болмауын қамтамасыз ету болады.

5. а) Осы Келісімнің 9-бабында аталған қосымшаларға енгізілген қызметтер секторларында осы баптың 4-тармағына сәйкес осы секторлар үшін әзірленген қағидалар күшіне енгенге дейін Тараптар осы Келісімнің 9-бабында аталған қосымшаларға енгізілген шарттарға сәйкес ұсынылатын пайданы жоятын немесе қысқартатын лицензиялық немесе біліктілік талаптарын және техникалық стандарттарды:

i) осы баптың 4-тармағының "а", "б" немесе "в" тармақшаларында аталған өлшемдерге сәйкес келмейтін;

ii) осы Келісімге қол қойған күнге осы Тараптан парасатты түрде күтілмейтін жолмен қолданбайды.

б) Осы баптың 5-тармағының "а" тармақшасы бойынша аталған міндеттемені Тараптың орындау фактісін айқындау кезінде тиісті халықаралық ұйымдардың ол қолданатын халықаралық стандарттарына назар аударылады.

6. Егер осы Келісімнің 9-бабында аталған қосымшаларға кәсіптік қызметтер бөлігіндегі міндеттемелер енгізілген жағдайда әрбір Тарап кез келген басқа Тарап кәсіпқойларының құзыреттілігін тексеру үшін тиісті рәсімдерді қамтамасыз етеді.

15-бап

Егер Тарап құруға және (немесе) қызметке қатысты лицензиялауды қолданса, онда мұндай Тарап:

i. биліктің қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беруге жауапты құзыретті органдары атауларының жариялануын немесе өзгеше түрде жалпының назарына жеткізілуін;

ii. лицензиялық рәсімдердің өздері құруға немесе қызметке шектеу болып табылмауын және қызметті жүзеге асыру құқығына тікелей байланысты лицензиялық талаптардың өздері қызмет үшін негізсіз кедергі болып табылмауын;

iii. барлық лицензиялық рәсімдер мен талаптардың нормативтік құқықтық актілерде белгіленуін және лицензиялық рәсімдерді немесе талаптарды белгілейтін немесе қолданатын кез келген нормативтік құқықтық акт осы Келісімнің 14-бабының ережелеріне сәйкес күшіне енген күнге дейін жариялануын;

iv. лицензиялаушы органдар лицензия беру (беруден бас) тарту туралы шешімді тиісті нормативтік құқықтық актіде айқындалған уақыт кезеңі ішінде, бірақ кез келген жағдайда лицензия беруге өтініш алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей қабылдауын. Қаржылық қызметтер секторына қатысты лицензия беру (беруден бас) тарту туралы шешім қабылдау мерзімдері осы Келісімге V қосымшада белгіленеді;

v. лицензия беруге арналған өтінішті ұсынуға және қарауға байланысты алынатын кез келген алымдардың өздері құру және қызмет үшін шектеу болып табылмауын және лицензиялаушы органның өтінішті қарауға және лицензия (рұқсат) беруге байланысты шығындарына негізделуін;

vi. осы баптың "iv" тармағында аталған уақыт кезеңі өткен соң және өтініш берушінің талабы бойынша Тараптың тиісті лицензиялаушы органы өтініш берушіге оның өтінішін қараудың жай-күйі туралы, сондай-ақ бұл өтініш тиісінше толтырылған деп саналатыны-саналмайтыны туралы хабарлауын. Кез келген жағдайда өтініш берушіге өтінішке техникалық түзетулер енгізуге мүмкіндік беріледі. Тараптардың

тиісті заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде аталған ақпарат пен құжаттардың барлығы алынбайынша, өтініш тиісінше толтырылған болып саналмайды;

vii. өтінішін қабылдаудан бас тартылған өтініш берушінің жазбаша талабы бойынша өтінішті қабылдаудан бас тартқан лицензиялаушы органның өтініш берушіге мұндай бас тартудың себептері туралы жазбаша хабарлауын. Алайда бұл ереже лицензиялаушы органнан ашылуы заңды орындауға кедергі келтіретін немесе өзгеше түрде қоғамдық мүдделерге немесе қауіпсіздіктің елеулі мүдделеріне қайшы келетін ақпаратты ашуды талап ететіндей ретінде түсіндірілмеуге тиіс;

viii. өтініш қабылдаудан бас тартылған жағдайда өтініш берушінің лицензия (рұқсат) беру үшін орын алған кез келген проблемаларды жоюға талпыныс жасай алатын жаңа өтініш беруін;

ix. берілетін лицензияның Тараптың бүкіл аумағында қолданылуын қамтамасыз етеді. Осы Келісімге I қосымшада осы тармақтың ережелерінен ерекшеліктер белгіленуі мүмкін.

16-бап

1. Тараптар қызметтер саудасын реттеу, сондай-ақ құру және қызмет саласындағы халықаралық қағидаттар мен стандарттарды және ең үздік халықаралық практиканы ескере отырып, қызметтер мен капиталдың бірыңғай нарығын қалыптастыруды аяқтауды білдіре отырып, өздерінің ұлттық заңнамаларын біріздендіруге ұмтылады.

2. Осы мақсатта Тараптар:

заңнаманы біріздендіру қажеттігі тұрғысынан реттеудің басым салаларын және (немесе) экономика секторларын;

біріздендірудің жоспары мен уақыттық кестесін келісу үшін жылына кемінде екі рет келіссөздер жүргізеді.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған келіссөздер осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жылдан кешіктірмей аяқталуға тиіс.

4. Қаржылық қызметтер мен байланыс қызметтерінің секторларын осы баптың 2-тармағында аталған келіссөздер саласынан априори алып тастауға болмайды.

5. Тараптар тұлғаларының кез келген басқа Тараптың аумағында қаржылық қызметтер секторындағы қызметті жүзеге асыру қағидаларын біріздендіру тетігі осы Келісімге V қосымшада белгіленеді.

VII тарау

Мемлекеттің қатысуы

17-бап

Әрбір Тарап өз аумағында жекешелендіруге қатысуға қатысты басқа Тараптың тұлғаларына қолайлылығы өзінің меншікті тұлғаларына ұсынылатын режимнен кем болмайтын режим ұсынады.

17 bis-бабы

1. Тараптың аумағында капиталына осы Тарап мемлекеті қатысатын немесе осы Тараптың мемлекеті бақылайтын тұлғалар сақталған жағдайда мұндай Тарап аталған тұлғалардың:

а) өз қызметін коммерциялық ұғымдар негізінде жүзеге асыруын және осы Келісіммен реттелетін қатынастарға:

i. осы қатынастарға өзге қатысушылармен теңдік қағидаты негізінде,

ii. осы қатынастарға өзге қатысушылардың азаматтығына, тіркелген (құрылған) жеріне, ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына байланысты оларды кемсітпеу қағидаты негізінде түсуін, сондай-ақ

б) капиталына мемлекет қатысатын немесе мемлекет бақылайтын мұндай тұлғалардың қызметі аталған Тарап мемлекетінің әлеуметтік саясатының міндеттерін шешуге бағытталған жағдайларды қоспағанда,

олардың капиталына осы Тарап мемлекетінің қатысуына немесе осы Тарап мемлекетінің олардың үстінен бақылауына байланысты ғана құқықтар, артықшылықтар немесе міндеттемелер алмауын қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері, сондай-ақ 4-баптың 1-тармағының "б" және "в" тармақшаларының және 10-баптың 1-тармағының "і" тармақшасының негізінде осы Келісімге IV қосымшада аталған Тараптардың жеке ұлттық тізбелеріне енгізілген құқықтар және (немесе) артықшылықтар берілген кәсіпорындарды қоспағанда, формальды түрде немесе іс жүзінде айрықша құқықтар немесе арнайы артықшылықтар берілген кәсіпорындар мен осы Келісімнің 6-бабының 1-тармағына сәйкес сақталатын кәсіпорындарға қолданылады.

3. Тараптардың әрқайсысы осы Тарап мемлекетінің мемлекеттік билігінің кез келген деңгейіндегі осы Тарап мемлекетінің барлық органдарының немесе өзінің жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тәуелсіз, реттелуі тиісті орган құзыретінің аясына кіретін экономика секторындағы шаруашылық қызметті жүзеге асыратын кез келген тұлғаның бақылауында болмауын және оған есеп бермеуін қамтамасыз етеді. Бұл Тараптың шаралары, оның ішінде осы тармақта аталған органның шешімдері, ол белгілейтін және қолданатын қағидалар мен рәсімдер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың барлығына қатысты әділ әрі объективті болуға тиіс.

VIII тарау

Жалпы ережелер

18-бап

1. Осы Келісімдегі ештеңе кез келген Тарапқа мұндай шаралардың қызметтер саудасына, құруға және (немесе) қызметке қатысты Тараптардың тұлғалары арасында өз бетінше немесе негізсіз кемсіту құралдарын жасайтын тәсілмен қабылданбауы шартымен төменде санамаланған шараларды, оның ішінде жасырын шектеулерді, атап айтқанда:

(а) қоғамдық моральды қорғау немесе қоғамдық тәртіпті қолдау үшін қажетті. Қоғамдық тәртіп ұғымдары бойынша ерекшелік қоғамның байырғы мүдделерінің біріне қатысты шынайы және мейлінше ауыр қауіп орын алған жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін;

(б) адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін қажетті;

(в) мыналарға:

(і) адасуға әкеп соғатын және жосықсыз практиканың немесе азаматтық-құқықтық шарттарды сақтамау салдарының алдын алуға;

(іі) жеке сипаттағы мәліметтерді өңдеу мен тарату және жеке өмір мен шоттар туралы мәліметтердің құпиялылығын қорғау кезінде жекелеген тұлғалардың жеке өміріне араласудан қорғауға қатысы барларын қоса алғанда, осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келетін заңдарды немесе қағидаларды сақтау үшін қажетті;

(г) іс жүзінде ұсынылатын режимдегі өзгешелік әділ немесе тиімді салық салуды немесе басқа Тараптың тұлғаларынан құруға, қызметке және қызметтер саудасына қатысты салықтарды өндіріп алуды қамтамасыз етуге деген ұмтылыстан туындауы шартымен ұлттық режимді ұсыну бөлігінде осы Келісімнің 3-бабының 1-тармағымен, 9-бабының 1-тармағымен үйлеспейтін;

(д) режимге қатысты өзгешелік салық салу мәселелері жөніндегі келісімнің, оның ішінде тиісті Тарап қатысушысы болып табылатын қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімнің нәтижесі болуы шартымен осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағымен, 9-бабының 2-тармағымен үйлеспейтін шараларды қабылдауға немесе қолдануға кедергі келтірмейді.

2. Тараптардың әрқайсысы өзінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген және өмір мен денсаулықты, қоршаған ортаны, қауіпсіздікті, сондай-ақ еңбек стандарттарын қорғауға қатысты талаптарды жұмсартуды өзінің аумағында құру үшін басқа Тараптардың тұлғаларын, сондай-ақ үшінші мемлекеттердің тұлғаларын тарту тетігі ретінде пайдаланбайды.

19-бап

Осы Келісімдегі ештеңе кез келген Тарапқа өзінің ел қорғанысы немесе мемлекет қауіпсіздігі саласындағы маңызды мүдделерін қорғау үшін қажетті деп санайтын кез келген іс-қимылды қабылдауына кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

20-бап

1. Егер Тараптардың біреуі үшінші мемлекетке қатысты құруға, қызметке немесе қызметтер саудасына қатысты шектеулерді немесе тыйымдарды сақтап қалса, осы Келісімдегі ештеңе, егер мұндай тұлға аталған үшінші мемлекеттің тұлғасына тиесілі болса немесе оның бақылуында болса, ал Келісімнің ережелерін қолдану жоғарыда аталған тыйымдар мен шектеулерді айналып өтуге немесе бұзуға әкеп соғатын болса, мұндай Тарапты басқа Тараптың тұлғаларына осы Келісімнің ережелерін қолдануға міндеттейтіндей ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

2. Егер басқа Тараптың осындай тұлғасының осындай басқа Тараптың аумағында айтарлықтай іскерлік операциялары болмаса және ол бірінші Тараптың тұлғасына немесе осы Келісімнің Тарапы болып табылмайтын үшінші мемлекеттің тұлғасына тиесілі болса немесе оның бақылауында болса, Тарап осы Келісімге сәйкес өзі қабылдайтын өзінің міндеттемелерін құруға, қызметке немесе қызметтер саудасына қатысты басқа Тараптың тұлғаларына қолданбауы мүмкін.

21-бап

1. Әрбір Тарап осы Келісімнің 22-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты Тарап осы Келісімнің тиісінше 3 және 9-баптарына сәйкес өзіне міндеттемелер алған құруға және қызметке, сондай-ақ қызметтер саудасына байланысты аударымдар мен төлемдерге қатысты шектеулердің қолданыстағыларын алып тастайды және жаңаларын енгізбейді.

Осы Келісімдегі ештеңе Тараптың мұндай шараларының 1944 жылғы 22 шілдедегі Халықаралық валюта қоры Келісімінің Баптарына сәйкес келуі шартымен және (немесе) Тараптың осы Келісімнің 22-бабында аталған жағдайларды немесе Халықаралық валюта қорының өтініші бойынша шектеулер қолдану жағдайларын қоспағанда, төлемдер аударымдары операцияларына қатысты осы Келісім бойынша өзінің міндеттемелерімен үйлеспейтін төлем аударымдарын шектеулерді белгілемеуі шартымен валюталық операцияларды реттеу шараларына қатысты құқықтар мен міндеттемелерді қоса алғанда, кез келген Тараптың Халықаралық валюта қорына мүшелігінен туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

22-бап

1. Төлем балансының жай-күйі нашарлаған, алтын-валюта резервтері айтарлықтай қысқарған, ұлттық валюта бағамы күрт ауытқыған немесе осындай қауіп төнген жағдайда Тарап осы Келісімнің 21-бабының 1-тармағында аталған төлемдер аударымдарына қатысты шектеулер енгізе алады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған шектеулер:

а) Тараптар арасында кемсітуді туындатпауға тиіс;

б) 1944 жылғы 22 шілдедегі Халықаралық валюта қоры Келісімінің Баптарына сәйкес болуға тиіс;

в) кез келген басқа Тараптың коммерциялық, экономикалық және қаржылық мүдделеріне шамадан тыс залал тигізбеуге тиіс;

г) осы баптың 1-тармағында аталған мән-жайларды еңсеру үшін қажетті шамадан артық ауыртпалықты болмауға тиіс;

д) уақытша болуға және осы баптың 1-тармағында аталған мән-жайлардың еңсерілу шамасына қарай біртіндеп жойылуға тиіс.

3. Мұндай шектеулердің қолданылу аясын айқындау кезінде Тараптар өздерінің экономикалық бағдарламалары немесе даму бағдарламалары үшін неғұрлым маңызды болып табылатын тауарларды немесе қызметтер көрсетуді жеткізуге басымдық бере алады. Алайда мұндай шектеулер экономиканың белгілі бір секторын қорғау мақсатында белгіленбейді және сақталмайды.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Тараптар белгілеген немесе сақтап қалған кез келген шектеулер немесе олардағы кез келген өзгерістер басқа Тарапты дереу хабардар ету нысанасы болып табылады.

IX тарау

Қорытынды ережелер

23-бап

Егер Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Бірыңғай экономикалық кеңістігінің жекелеген келісімдерінде қызметтер көрсету саудасында осы Келісімге II - IV қосымшаларда Тараптардың әрқайсысына арналған жеке ұлттық тізбелерде айқындалғаннан өзгеше шаралар белгіленген болса, онда осындай жекелеген келісімдердің ережелері қолданылады.

24-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер өткізу жолымен шешіледі.

Егер даудың бір тарапы даудың екінші тарапына жіберген консультациялар мен келіссөздер өткізу туралы ресми жазбаша өтініш алынған күннен бастап алты ай ішінде

Тараптар дауды реттемесе, дау тараптарының кез келгені оны Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының қарауына бере алады.

25-бап

Осы Келісімге I - V қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

26-бап

Осы Келісім қосылатын мемлекеттің осы Келісім күшіне енген Тараптар мемлекеттерімен келіссөздері барысында келісілген шарттар негізінде Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кез келгенінің қосылуы үшін ашық.

27-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

28-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Интеграциялық комитеті осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін депозитарий мұрағатында сақталады.

Беларусь

Қазақстан

Ресей

Республикасының

Республикасының

Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

I ҚОСЫМША

Байланыс қызметтерін көрсету нарығы

Қолданылу саласы

Осы қосымша Тараптардың электр байланысы саласындағы қызметтің жүзеге асырылуын реттейтін шараларына қолданылады.

Осы қосымша Тараптардың ішінде телевизиялық хабар арналарын және/немесе радиоарналарды тарату жөніндегі қызметтер көрсетуді реттейтін шараларға

қолданылмайды, бірақ телевизиялық және/немесе радиосигналдарды трансляциялау үдерісінде Тараптардың электр байланысы операторларының өзара іс-қимылы мәселелерін реттейтін шараларға қолданылады.

Осы қосымша пошта байланысы саласындағы қызметке қолданылмайды.

Осы қосымшадағы ештеңе Тараптардың кез келгенінен жалпы пайдаланымдағы электр байланысы желісіне қосылмайтын электр байланысы желілеріне қатысты айрықша талаптар белгілеуді талап ететін (не Тараптан оның заңды құзырындағы қызметтер көрсетушілерді міндеттеуді талап ететін) ретінде түсіндірілмейді.

Анықтамалар

1. Осы Қосымшада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- Электр байланысы қызметтері - электр байланысы хабарларын қабылдау, өңдеу, сақтау және беру мен жеткізу жөніндегі қызмет;

- Электр байланысының әмбебап қызметтері - Тараптың бүкіл аумағында электр байланысы қызметтерін кез келген пайдаланушыға белгіленген сапамен және қол жетімді баға бойынша қызмет көрсету осы Тараптың әмбебап қызмет көрсету операторлары үшін міндетті болып табылатын электр байланысы қызметтері;

- Жалпы пайдаланымдағы электр байланысы желісі - Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптың аумағында байланыс қызметтерін кез келген пайдаланушыға электр байланысы қызметтерін өтеулі түрде көрсетуге арналған байланыс құралы мен желісін қамтитын технологиялық жүйе;

- Радиоарна - кейіннен таратуға арналған хабар беру торына сәйкес қалыптастырылған радио бағдарламалардың және (немесе) өзге де дыбысты хабарлар мен материалдардың, фонограммалардың жиынтығын білдіретін электрондық бұқаралық ақпарат құралы;

- Телевизиялық арна - кейіннен тарату үшін хабар беру торына сәйкес қалыптастырылған телевизиялық бағдарламалардың және (немесе) өзге де аудиобейне хабарлары мен материалдарының жиынтығын білдіретін электрондық бұқаралық ақпарат құралы.

Ақпараттың қол жетімділігі

2. Қызметтер саудасы туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 5-бабын қолданған кезде әрбір Тарап жалпы пайдаланымдағы электр байланысы желілеріне және электр байланысы қызметтеріне қол жетімділік шарттары туралы ақпараттың қызмет көрсету шарттарын, оның ішінде тарифтерді (бағаларды); осындай желілерге техникалық қосылу ерекшелігін, осындай қол жетімділік пен пайдалануды қозғайтын стандарттарды дайындауға және қабылдауға жауапты органдар туралы ақпаратты; түпкілікті жабдықтарды немесе басқа да аппаратураны қосуға қатысты шарттарды,

сондай-ақ егер мұндайлар қажет болса, хабарламаларға, тіркеуге немесе лицензиялауға қойылатын талаптарды қоса алғанда, жалпыға бірдей қол жетімді болуын қамтамасыз етеді.

Лицензиялау

3. Электр байланысы қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет Тараптардың заңнамасында белгіленген тәртіппен Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары берген лицензиялардың негізінде оларда көрсетілген аумақтардың, белгіленген мерзімнің шегінде және Тараптардың заңнамасында белгіленген тәртіппен әрбір электр байланысы операторына берілген нөмірлеу пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Электр байланысы қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті радио жиілікті спектрді пайдалана отырып жүзеге асырған кезде, жүзеге асыруға арналған лицензиядан басқа, радио жиілікті спектрді пайдалануға арналған рұқсат алу да қажет.

Нақты жиіліктерді тағайындау (беру) Тараптардың заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Радио жиілікті спектрді пайдалануға байланысты төлемдер Тараптардың заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алынады.

Жалпы пайдаланымдағы электр байланысы желілеріне және электр байланысы операторлары беретін қызметтерге қол жетімділік

4. Тараптар электр байланысының желілері мен қызметтеріне кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін ұлттық заңнама деңгейінде құқықтық және әкімшілік шараларды қоса алғанда, барлық қажетті шараларды қабылдайды.

5. Электр байланысы операторының электр байланысы қызметтерін көрсету нарығындағы жағдайына қарамастан оны жалпы пайдаланымдағы электр байланысы желілеріне қосуды Тараптар Тараптардың салыстырмалы жағдайларда жұмыс істейтін басқа электр байланысы операторлары үшін көзделгеннен де кем емес қолайлы жағдайлардағы техникалық мүмкіндіктер болған кезде ұлттық заңнама негізінде жүзеге асырады. Электр байланысы қызметтеріне арналған тарифтер

6. Тараптар электр байланысы қызметтерінің кейбір түрлеріне тарифтерді мемлекеттік реттеуді енгізуге және қолдануға құқылы. Электр байланысы қызметтеріне арналған тарифтерді қалыптастыру Тараптың ұлттық заңнамасының талаптарына негізделуге тиіс. Тараптар Тараптардың бірінің аумағына келген осы Келісім Тараптарының кез келгенінің тұлғаларына электр байланысы қызметтерін келген елдің тарифтері бойынша көрсетуге кепілдік береді.

7. Оларға арналған тарифтер мемлекеттік реттеуге жатпайтын электр байланысы қызметтерінің түрлеріне қатысты Тараптар Тараптардың байланыс қызметтерін

берушілердің арасындағы бәсекелестіктің шарттарын бұрмалауға кедергі келтіретін бәсекелі заңнаманың болуын және тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді.

Трафик өткізу

8. Тараптар трафик өткізу жөніндегі қызметтерге арнап баға белгілеуге бірыңғай тәсіл орнатуға ұмтылуға тиіс.

9. Тараптардың электр байланысы операторларының желілердің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, оператораралық шарттардың негізінде транзиттікті қоса алғанда, трафикті кедергісіз өткізуін қамтамасыз ету үшін Тараптар барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Бәсекеге қарсы тоғыспалы субсидиялау

10. Тараптар өз аумағындағы халықаралық шақыруды аяқтау есебінен жергілікті және халықаралық электр байланысы қызметтерін субсидиялаудан бас тартуды қамтамасыз етеді.

Тараптар тармақты орындауға 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап келеді.

Шектелген мемлекеттік ресурсты реттеу

11. Радио жиілікті спектрдің ресурстарын, сондай-ақ нөмірлеу ресурсын бөлу және пайдалану Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Әмбебап қызметтер

12. Тараптар өз мемлекетінің аумағында осы саладағы халықаралық ұйымдардың ұсынымдарында көзделген бірыңғай қағидаттар мен қағидалардың негізінде электр байланысының әмбебап қызметтерін көрсетуге кепілдік береді. Әрбір Тарап әмбебап қызмет жөніндегі міндеттемелерді өзі айқындауға құқылы. Бұл міндеттемелер олардың бәсеке тұрғысынан ашықтық, кемсітпеушілік және бейтараптық негізде жүзеге асырылуы және осы Тарап белгілеген әмбебап қызметтің түрі үшін қажет болатындай неғұрлым ауыртпалықты болмауы шартымен бәсекеге қарсы ретінде қарастырылмайтын болады.

Реттеуші органның тәуелсіздігі

13. Тараптардың реттеуші органдары электр байланысы операторларына тәуелсіз және оларға есеп бермейді. Осындай органдардың шешімдері нарықтың барлық қатысушыларына қатысы бойынша әділ сипатқа ие болуға тиіс.

II ҚОСЫМША

БІРЫҢҒАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІККЕ МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕР САУДАСЫ МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМНІҢ 9-БАБЫНЫҢ 2-ТАРМАҒЫ БОЙЫНША ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНЕН (АҚР БЕРУ ТУРАЛЫ) АЛЫП ТАСТАУЛАР БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ

Сектор/шағын сектор	9-баптың 2-тармағында көзделген міндеттемелермен үйлеспейтін шараның сипаттамасы	Негіздеме	Қолданылу мерзімі
Дыбыс-бейне жазу қызметтері	Қолданыстағы немесе болашақтағы келісімдерде мыналарға қатысты қамтылатын шаралар: 1. шығару, тарату, көрсету, хабар тарату немесе дыбыс-бейне жазу туындыларын, теле- және радиобағдарламаларды берудің басқа нысандары;	Қолданыстағы және болашақтағы келісімдердің барлық тараптары және мәдени ынтымақтастықта болған жөн барлық елдер	Анықталған жоқ
	2. Хабар тарату арқылы шығару, тарату немесе шығу өлшемдеріне және тиісті келісімдерде белгіленген өзге де өлшемдерге жауап беретін дыбыс-бейне жазу туындыларын, теле- және радиобағдарламаларды берудің басқа нысандары;	Фильмдерді бірлесіп шығару туралы Еуропа конвенциясы және бірлесіп шығару туралы екі жақты келісімдер жасалған және/немесе жасалуы мүмкін елдер	Анықталған жоқ
10	3-баптың 1-тармағы (құруға және қызметке қатысты) бойынша шектеу	Ресей Федерациясына, Ресей Федерациясының субъектілеріне және шетелдік тұлғалардың (тікелей немесе жанама) қатысуынсыз құрылған ұйымдарға Ресей Федерациясының аумағында алмас өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың басқару органдары шешімдер қабылдау кезінде ескерілетін дауыстардың көпшілігі тиесілі болуы тиіс.	"Қымбат бағалы металдар және қымбат бағалы тастар туралы" 1998 жылғы 26 наурыздағы № 41-ФЗ Федералдық заң	Анықталған жоқ
11	3-баптың 1-тармағы (құруға және қызметке қатысты) бойынша шектеу	Қымбат бағалы металдардың аффинажын жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдардың тізбесі, сондай-ақ олардың жұмыс істеу тәртібі Ресей Федерациясының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.	"Қымбат бағалы металдардың аффинажын жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс тәртібін және қымбат бағалы металдардың аффинажын жүзеге асыру құқығы бар ұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Ресей Федерациясы Үкіметінің 1998 жылғы 17 наурыздағы № 972 қаулысы	Анықталған жоқ
	3-баптың 1-тармағы (Адвокаттар қызметтерін адвокаттық бюролар мен кабинеттер, адвокаттар алқасы мен заң консультациялары арқылы ғана көрсетеді. Шет		

12	құруға және қызметке қатысты) және 4-баптың 1-тармағы бойынша шектеу	<p>мемлекеттердің адвокаттарына Ресей Федерациясының аумағында Ресей Федерациясының мемлекеттік құпиясына байланысты мәселелер бойынша заң көмегін көрсетуге рұқсат етілмейді.</p> <p>Шетелдік азаматтар егер бұл ретте, олар басқа мемлекеттердің адвокаттары болмаса, Ресей Федерациясында адвокат мәртебесін алуға құқылы.</p>	<p>" Р е с е й Федерациясындағы адвокаттық қызмет және адвокатура туралы" 2002 жылғы 31 мамырдағы 63-ФЗ Федералдық заңы</p>	Анықталған жоқ
13	3-баптың 1-тармағы (құруға және қызметке қатысты) бойынша шектеу	<p>Ресей Федерациясында жеке детективтік және күзет қызметін Ресей Федерациясының жеке және заңды тұлғалары ғана жүзеге асыра алады.</p>	<p>" Р е с е й Федерациясындағы жеке детективтік және күзет қызметі туралы" Ресей Федерациясының 1992 жылғы 11 наурыздағы № 2487-І Федералдық заңы</p>	Анықталған жоқ
14	3-баптың 1-тармағы (құруға және қызметке қатысты) және 4-бап бойынша шектеу	<p>Шектеу Ресей Федерациясының аумағында ядролық энергетика және радиоактивтік қалдықтармен жұмыс жасау саласындағы қызметті және операцияларды жүзеге асыру үшін кез келген Тарап тұлғасының құруына қолданылады</p>	<p>"Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың мүлкін және акцияларына басқару және билік ету ерекшеліктері туралы және Ресей Федерациясының жекелеген актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 5 ақпандағы № 13 - Ф3 Федералдық заң, " Атом энергиясын пайдалану туралы" 1995 жылғы 21 қарашадағы. № 170-ФЗ Федералдық заң, " Р е с е й Федерациясының континенталдық шельфі туралы 1995 жылғы 30 қарашадағы № 187-ФЗ Федералдық заң</p>	Анықталған жоқ
15	4-баптың 1-тармағы	<p>Ресей Федерациясының аумағында кадастрлық қызметті Ресей Федерациясының азаматтары ғана жүзеге асыра алады.</p>	<p>"Жылжымайтын мүліктің мемлекеттік кадастры туралы" 2007 жылғы 24</p>	

	бойынша шектеу		шілдедегі № 221-ФЗ Федералдық заң.	Анықталған жоқ
16	3-баптың 1-тармағы (құруға қатысты) және 4-бап бойынша шектеу	Ресей тұлғалары ғана сақтандыру агенттері, сақтандыру брокерлері бола алады.	"Ресей Федерациясында сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы" 1992 жылғы 27 қарашадағы № 4015 -1 Федералдық заң	Анықталған жоқ
17	3-баптың 1-тармағы (құруға және қызметке қатысты) бойынша шектеу	Шетелдік инвестициялары бар кредиттік ұйымдарды құру Ресей банкінің алдын ала рұқсатын алуды талап етеді. Ресей Банкі Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген квотаға жеткен кезде шетелдік инвестициялары бар банктерге банк операцияларын жүзеге асыруға лицензиялар беруді тоқтатады. Ресей Банкі осы шектеуді сақтау үшін кез келген шараларды қабылдауға құқылы. Рұқсат беру туралы мәселені қарау кезінде Ресей Федерациясының банк жүйесінде шетелдік капиталдың қатысу квотасын пайдалану деңгейі, сондай-ақ резидент емес құрылтайшылардың қаржы жағдайы мен іскерлік беделі ескеріледі.	"Банк және банк қызметі туралы" РКФСР 1990 жылғы 2 желтоқсандағы № 395-1 Заңы, "Ресей Федерациясының Орталық Банкі туралы 2002 жылғы 10 шілдедегі № 86-ФЗ Федералдық заң, "Шетелдік инвестициялары бар кредиттік ұйымдарды тіркеу ерекшеліктері туралы" Ресей банкінің 1997 жылғы 23 сәуірдегі № 437 ережесі.	Анықталған жоқ
18	4-баптың 1-тармағы (құруға және қызметке қатысты) бойынша шектеу	БЭК шеңберінде жасалған тараптардың өзге келісімдеріне зиян келтірмей газ экспортына айрықша құқық Бірыңғай газбен жабдықтау жүйесі ұйымына - меншік иесіне немесе жарғылық капиталында бірыңғай газбен жабдықтау жүйесі ұйымының-меншік иесінің қатысу үлесі жүз пайызды құрайтын оның еншілес қоғамына беріледі.	"Газ экспорты туралы" 2006 жылғы 18 шілдедегі № 117-ФЗ Федералдық заң.	Анықталған жоқ
19	3-баптың 1-тармағы (құруға қатысты) және 4-тармақ бойынша шектеу	Ресей Федерациясының теңіз порттары арасындағы қатынастарда тасымалдауды және буксирлеуді (каботажды) Кемелердің Ресей халықаралық тізілімінде тіркелген және капиталында шетелдік қатысу үлесі қырық тоғыз пайыздан аспайтын Ресей Федерациясының заңды тұлғаларына тиесілі кемелерді қоспағанда, Ресей Федерациясының Мемлекеттік туымен жүзетін кемелер жүзеге асырады. Шетелдік азаматтар Ресей Федерациясының мемлекеттік туымен жүзетін кемелердің капитаны, капитанның аға көмекшісі және радиомаманы лауазымына орналаса алмайды. Ресей Федерациясының азаматтары ғана теңіз лоцманы бола алады.	1999 жылғы 30 сәуірдегі № 81-ФЗ Ресей Федерациясының Сауда мақсатында теңізде жүзу кодексі	Анықталған жоқ

20	3-баптың 1-тармағы (құруға және қызметке қатысты) бойынша шектеу	Ресей Федерациясының континенталдық шельфі шегіндегі қызметке қатысты шектеу енгізілуі мүмкін.	"Ресей Федерациясының континенталдық шельфі туралы" 1995 жылғы 30 қарашадағы № 187-ФЗ Федералдық заң	Анықталған жоқ
21	3-баптың 1-тармағы (қызметке қатысты) бойынша шектеу	Жануарлар дүниесін нақты аумақта немесе акваторияда пайдалануға беруде Ресей Федерациясының азаматтарына басымдық беріледі.	"Жануарлар дүниесі туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі № 52-ФЗ Федералдық заң.	Анықталған жоқ
22	3-баптың 1-тармағы (құруға және қызметке қатысты) бойынша шектеу	<p>1. Шетелдік азамат бұқаралық ақпарат құралының құрылтайшысы (тең құрылтайшысы) бола алмайды.</p> <p>2. Кез келген басқа Тараптың заңды тұлғасы, сондай-ақ жарғылық (қалыптаспа) капиталында шетелдік капиталдың қатысу үлесі (салымы) 50 және одан көп пайыз құрайтын шетелдік капиталы бар ресейлік заңды тұлға теле-бейне бағдарламаларының құрылтайшысы болуға құқығы жоқ.</p> <p>3. Шетелдік азамат, шетелдік заңды тұлға, сондай-ақ, жарғылық (қалыптаспа) капиталында шетелдік капиталдың қатысу үлесі (салымы) 50 және одан көп пайыз құрайтын шетелдік қатысуы бар ресейлік заңды тұлға көрсетілімді сенімді қабылдау аймағы Ресей Федерациясы субъектілерінің жартысын және жартысынан көбін не Ресей Федерациясы халқы санының жартысы және одан көбі тұратын аумақты қамтитын телевизиялық хабар таратуды жүзеге асыратын ұйымдар (заңды тұлғалар) құруға құқығы жоқ.</p> <p>4. Теле-бейне бағдарламалары құрылтайшысының, көрсетілімді сенімді қабылдау аймағы Ресей Федерациясы субъектілерінің жартысын және жартысынан көбін не Ресей Федерациясы халқы санының жартысы және одан көбі тұратын аумақты қамтитын телевизиялық хабар таратуды жүзеге асыратын ұйымның (заңды тұлғаның) өзінің жарғылық (қалыптаспа) капиталында шетелдік қатысу үлесінің 50 және одан көп пайызды құрауына алып келген акцияларды (үлестерін), оның ішінде өзі тіркелгеннен кейін иеліктен шығаруына жол берілмейді.</p>	"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1991 жылғы 27 желтоқсандағы № 2124-1 Федералдық заң.	Анықталған жоқ
		Келісім күшіне енгенге дейін жасалған Өнімді бөлу туралы келісімдер жасауға қатысты: 1. Өнімді бөлу туралы келісім жасауға арналған аукционның шарттарында ресейлік заңды тұлғалардың Ресей Федерациясының Үкіметі айқындаған үлестегі келісімдерді іске асыруға қатысуы көзделуі тиіс.		

23	3-баптың 1-тармағы (құруға және қызметке қатысты), 5-бап бойынша шектеу	<p>2. Келісімде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ресейлік заңды тұлғаларға келісім бойынша жұмыстарға инвесторлармен шарттар (келісімшарттар) негізінде мердігер, жеткізуші, тасымалдаушы немесе басқа түрде қатысуына басым құқық беру; - саны тартылған барлық қызметкерлер құрамының кемінде 80 пайызын құрауы тиіс Ресей Федерациясының азаматтарын тарту, шетелдік қызметкерлер мен мамандарды келісім бойынша жұмыстардың бастапқы кезеңдерінде немесе тиісті біліктіліктегі Ресей Федерациясының жұмысшы азаматтары болмаған кезде тарту; - пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеу, өндіру, тасымалдау және өңдеу үшін қажетті Ресейде жасалған технологиялық жабдықты, техникалық құралдар мен материалдарды келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін әрбір күнтізбелік жылы сатып алу мен пайдалану шығындары инвесторларға өтеу өнімімен өндірілетін сатып алынған (оның ішінде жалдау шарты, лизинг және басқа да негіздер бойынша) жабдықтың, техникалық құралдар мен материалдардың жалпы құнының кемінде 70 пайызы көлемінде сатып алу. Бұл ретте, жабдықты, техникалық құралдар мен материалдарды Ресей Федерациясының аумағында ресейлік заңды тұлғалар және (немесе) Ресей Федерациясының азаматтары құндық мәнде Ресей Федерациясының аумағында ресейлік заңды тұлғалар және (немесе) Ресей Федерациясының азаматтары шығарған тораптардан, бөлшектерден, конструкциялардан және жиынтықтауыштардан жасаған деген шартпен олар Ресейде шығарылған деп танылады. Тараптар келісімде келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін инвестор пайдалы қазбаларды өндіру, оларды тасымалдау және өңдеу үшін (егер бұл көзделсе) сатып алатын және (немесе) пайдаланатын технологиялық жабдықтың құндық мәнде кемінде 70 пайызы Ресейде шығарылған болуы тиіс деген шарты көздеуі тиіс. Бұл жағдай құрылысы және сатып алынуы Келісімде көзделмеген магистральдік құбыр көлігі объектілерін пайдалануға қолданылмайды. 	"Өнімді бөлу туралы келісімдер туралы" 1995 жылғы 30 желтоқсандағы № 225-ФЗ Федералдық заң.	Анықталған жоқ
24	4-баптың 1-тармағы бойынша шектеу	Аудиторлық қызметтерге қатысты: Ашық акционерлік қоғамды, мемлекеттік немесе муниципалдық біртұтас кәсіпорынды қоспағанда, коммерциялық ұйым кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.	"Аудиторлық қызмет туралы" 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 307-ФЗ Федералдық заң	Анықталған жоқ
			"Банк және банк қызметі туралы" 1990 жылғы 1	

25	3-баптың 1-тармағы және 4-баптың 1-тармағы бойынша шектеу	Ресей Федерациясында қаржы қызметтері саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығы Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған Ресей Федерациясының заңды тұлғаларына беріледі ³ .	желтоқсандағы № 395-1 Федералдық заң; "Бағалы қағаздар нарығы туралы" 1996 жылғы 22 сәуірдегі № 39 - Ф3 Федералдық заң; " Р е с е й Федерациясында сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы" 1992 жылғы 27 қарашадағы № 4015 -1 Федералдық заңы	Анықталған жоқ
26	4-баптың 3-тармағы бойынша шектеу	Шетелдік инвестициялары бар кредиттік ұйымдарға қатысты: Егер ресейлік кредиттік ұйымның дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлға шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылса, мұндай кредиттік ұйымның атқарушы алқалы ұйымының кемінде елу пайызы Ресей Федерациясының азаматтарынан қалыптастырылуы тиіс. Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы қызметкерлерінің-азаматтарының саны шетелдік инвестициялары бар ресейлік кредиттік ұйым қызметкерлері жалпы санының кемінде жетпіс бес пайызын құрауы тиіс.	"Шетелдік инвестициялары бар кредиттік ұйымдарды тіркеу ерекшеліктері туралы және тіркелген кредиттік ұйымның жарғылық капиталын резидент еместердің қаражаты есебінен ұлғайтуға Ресей Банкінің алдын ала рұқсатын алу тәртібі туралы" ережені қолданысқа енгізу туралы" РОБ 1997 жылғы 23 сәуірдегі № 437 бұйрығы	Анықталған жоқ
27	4-баптың 3-тармағы бойынша шектеу	Ресейлік сақтандыру ісі субъектісінің - заңды тұлғаның басшылары (оның ішінде дара атқарушы орган) және бас бухгалтері Ресей Федерациясының аумағына тұрақты тұруы тиіс.		Анықталған жоқ
	3-бап (құруға және қызметке	1. Авиациялық техниканы, әзірлеу, шығару, сынау, жөндеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын авиация ұйымға шетелдік капиталдың қатысуына егер шетелдік капиталдың қатысу үлесі авиация ұйымының жарғылық капиталының жиырма бес пайызынан азын құрайды деген шартпен немесе Ресей Федерациясы Президентінің шешімімен рұқсат етіледі. Егер Ресей Федерациясы Президентінің шешімінде өзгеше көзделмесе, Ресей Федерациясының азаматтары ғана мұндай ұйымның басшысы және оның басқару органдарына кіретін адамдары болады.	1997 жылғы 19 наурыздағы № 60-Ф3 Ресей Федерациясының Әуе кодексі, " Авиацияның дамуын мемлекеттік реттеу туралы" 1998 жылғы 8 қаңтардағы № 10 - Ф3 Федералдық заң, " Авиациялық	

28	қатысты), 4-бап бойынша шектеу	2. Ресей Федерациясының аумағында шетелдік капитал қатысатын авиация кәсіпорнын құруға, егер шетелдік капиталдың қатысу үлесі авиация кәсіпорнының жарғылық капиталының 49 пайызынан аспайтын, оның басшысы Ресей Федерациясының азаматы болып табылатын және авиация кәсіпорнынның басшы органында шетелдік азаматтардың оның басшы органы құрамының үштен бірінен аспауы шартымен рұқсат етіледі; Шетелдік авиация кәсіпорндары Ресей Федерациясының заңнамасына және (немесе) Ресей Федерациясының халықаралық шарттарына сәйкес Ресей Федерациясының аумағында өз өкілдіктерін аша алады.	техника саласындағы қызметті лицензиялау туралы ережелерді бекіту туралы" Ресей Федерациясы Үкіметінің 2002 жылғы 27 мамырдағы № 346 қаулысы	Анықталған жоқ
29	4-баптың тармағы қызметке қатысты) бойынша шектеу	1- (Тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, су пайдалану және сумен жабдықтау саласындағы қызметті жүзеге асырумен байланысты шарттар заңды тұлғамен жасалады. Шарттардың саны жергілікті қажеттіліктерге сәйкес шектелуі мүмкін.	2006 жылғы 3 шілдедегі № 74-ФЗ Р е с е й Федерациясының Су кодексі; " Азаматтарға коммуналдық қызметтер көрсету тәртібі туралы" Ресей Федерациясы Үкіметінің 2006 жылғы 23 мамырдағы № 307 қаулысы, Ресей Федерациясының Тұрғын үй кодексі	Анықталған жоқ
30	4-баптың тармағы бойынша шектеу қызмет)	1- (Айрықша концессионерді тағайындау құқығы сақталады. Концеденттің жекелеген құқықтары мен міндеттерін уәкілетті концедент жүзеге асырады.	"Концессиялық келісімдер туралы" 2005 жылғы 21 шілдедегі № 115-ФЗ Федералдық заң	Анықталған жоқ
31	4-баптың тармағы бойынша шектеу	1- (Жүзеге асыруға лицензия талап етілетін қызметті Ресей Федерациясының заңды тұлғалары немесе Ресей Федерациясында белгіленген тәртіппен тіркелген жеке кәсіпкерлері ғана жүзеге асыруы мүмкін. Лицензиялауға жататын қызмет түрлері заңнамаға сәйкес айқындалады	"Жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау туралы " 2001 жылғы 8 тамыздағы № 128-ФЗ Федералдық заң және көрсетілген Федералдық заңның 1-бабының 2-тармағында аталған қызмет түрлерін реттейтін заңнама.	Анықталған жоқ
			"Есірткі құралдары және психотроптық заттар туралы" Федералдық заңға сәйкес I тізімге енгізілген есірткі	

32	4-баптың тармағы бойынша шектеу	1-	Есірткі құралдарының және психотроптық заттардың айналымына байланысты қызметті есірткі құралдары мен психотроптық заттарды өндіру үшін пайдаланылатын өсімдіктерді өсіру, өңдеу, өндіру, бөлу және есірткі құралдары мен психотроптық заттарды жою бөлігінде мемлекеттік біртұтас кәсіпорындар ғана жүзеге асырады.	құралдарының және психотроптық заттардың айналымына байланысты қызметті лицензиялау туралы ережені бекіту туралы" Ресей Федерациясы Үкіметінің 2008 жылғы 7 сәуірдегі № 249 қаулысы	Анықталған жоқ
33	4-баптың тармағы бойынша шектеу	1-	Ресей Федерациясының азаматтарын Ресей Федерациясынан тыс жерлерде жұмысқа орналастыруға байланысты қызметті Ресей Федерациясының дара кәсіпкерлері жүзеге асыра алмайды.	" Р е с е й Федерациясының азаматтарын Ресей Федерациясынан тыс жерлерде жұмысқа орналастыруға байланысты қызметті лицензиялау туралы ережені бекіту туралы" Ресей Федерациясы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 797 қаулысы	Анықталған жоқ
34	3-баптың тармағы және 4-тармақ бойынша шектеу	1-	Ғарыш қызметін Ресей Федерациясының заңды тұлғалары ғана жүзеге асырады.	"Ғарыш қызметін лицензиялау туралы" ережені бекіту туралы" Ресей Федерациясы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 403 қаулысы	Анықталған жоқ
35	4 - ба п бойынша шектеу		Биржаның әрбір құрылтайшысының немесе мүшесінің үлесі өзінің жарғылық капиталында он пайыздан аспайды ⁴ .	"Биржа және биржа саудасы туралы" Р е с е й Федерациясының 1992 жылғы 20 ақпандағы № 2383-І Заңы	Анықталған жоқ
36	4-баптың тармағы бойынша шектеу	1-	Білім беру саласындағы қызметті Ресей Федерациясының коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғалары жүзеге асырады.	"Білім туралы" 1992 жылғы 10 шілдедегі № 3266-1 Ресей Федерациясының Заңы	Анықталған жоқ

³Осы Келісімнің V қосымшасының ережелеріне қарамастан, бұл шараның қолданылу мерзімі айқындалмаған.

⁴Осы Келісімнің V қосымшасының ережелеріне қарамастан, бұл шараның қолданылу мерзімі айқындалмаған.

V ҚОСЫМША

Қаржылық қызметтер көрсету бойынша

1-бап Қолданылу саласы

1. Осы қосымша Тараптардың қаржы қызметтерін көрсетуді/сатуды қозғайтын шараларына қолданылады.

2. Әрбір Тарап ұлттық режимді ұсынады және қаржы қызметтерін көрсетушілерге - басқа Тараптардың заңды тұлғаларына дербес түрде, делдал арқылы немесе осы Келісімнің 9-бабында көрсетілген Тараптардың қосымшаларында келісілген шарттарға сәйкес делдал ретінде мынадай қызметтердің түрлерін көрсетуге рұқсат етеді:

а) мыналарға:

i. оларға қатысты осындай сақтандыру: тасымалданатын тауарларды, тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын және тасымалдаумен байланысты туындайтын азаматтық-құқықтық жауапкершілікті толығымен немесе ішінара қозғайтын теңіз тасымалдарына, коммерциялық әуе тасымалдарына және фрахтыға (спутниктерді қоса алғанда); және

ii. халықаралық транзит шеңберінде тасымалданатын тауарларға жататын тәуекелдерді сақтандыру;

б) қайта сақтандыру, сондай-ақ консультациялық қызметтер, актуарлық қызметтер, тәуекелді бағалау және талап-арыздарды реттеу сияқты қосалқы сақтандыру қызметтері;

в) қаржылық ақпаратты ұсыну мен беру және басқа қаржылық қызметтерді көрсетушілердің қаржылық деректері мен тиісті бағдарламалық қамтамасыз етілуін өңдеу; сондай-ақ

г) делдалдықтан басқа, мыналарға:

- халықтан депозиттер мен басқа да төленуге тиіс ақша қаражатын қабылдауға;
- барлық түрлердегі несиелер беруге;
- қаржы лизингіне;
- төлемдер мен ақша аударымдары жөніндегі қызметтердің барлық түрлеріне;
- өз есебінен және валюта биржасындағы, биржадан тыс нарықтағы клиенттердің есебінен не өзгеше түрде: қаржы нарығының құралдарымен, шетелдік валютамен,

деривативтермен, валюта бағамдарына және пайыздық ставкаларға қатысты құралдармен, аударымдық бағалы қағаздармен, өзге де айналымдық құралдармен және қаржы активтерімен сауда-саттық жасауға;

- бағалы қағаздар шығаруға қатысуға;
- қаржы нарығындағы брокерлік операцияларға;
- активтерді басқаруға;
- бағалы қағаздарды, деривативтерді және басқа да айналымдық құралдарды қоса алғанда, қаржы активтері жөніндегі клирингілік қызметтерге;
- қаржы ақпаратын ұсыну мен беруге қатысты консультациялық және басқа да қосалқы қызметтер (кредиттік тарихтарды талдаумен байланысты қызметтерден басқа анықтамалық материалдар ұсынуды, тікелей және портфельдік инвестициялар бойынша зерттеулер мен ұсынымдарды, корпорацияларды сатып алу, қайта ұйымдастыру және олардың стратегияларын қоса алғанда).

3. Әрбір Тарап кез келген басқа Тараптың аумағындағы осы Тараптың тұлғаларына осы баптың 2-тармағының "а" - "г" тармақшаларында сипатталған келесі қаржы қызметтеріне рұқсат етеді.

2-бап Анықтамалар

Осы Қосымшаның мақсаттары үшін мына ұғымдар мыналарды білдіреді:

1. "Қаржы қызметтерін көрсету/олармен сауда-саттық жасау" осы Қосымшада осы Келісімнің 1-бабының "и" тармағында, осы Қосымшаның 2-бабының 4-тармағында көрсетілген секторларда анықталғандай, "қызметтерімен сауда жүргізуді" білдіреді.

2. "Қаржы қызметтерін көрсетуші" мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Тараптың қаржы қызметтерін көрсететін кез келген жеке немесе заңды тұлғасын білдіреді.

3. "Мемлекеттік мекеме" мынаны білдіреді:

Мемлекеттік мекеме - мемлекеттік билік органын, Орталық Банкті (Ұлттық Банкті), не Тарап мемлекетінің осы Тараптың мемлекетіне тиесілі немесе ол бақылайтын, осы Тараптың мемлекеттік билік органы немесе осындай Тараптың Орталық Банкі (Ұлттық Банкі) берген айрықша өкілеттіктерді жүзеге асыратын ұйымды білдіреді.

4. "Қаржы қызметі" Тарап мемлекетінің қаржы қызметін көрсетушісі ұсынатын қаржылық сипаттағы кез келген қызметті білдіреді. Қаржы қызметтері сақтандыруды және сақтандыру қызметтеріне жататындардың барлығын, сондай-ақ барлық банк қызметтерін және бағалы қағаздар нарығындағы қызметтерді қамтиды, атап айтқанда, қызметтердің мынадай түрлерін қамтиды:

4.1. Сақтандыру қызметтері және сақтандыруға жататын қызметтер

i. Сақтандыру (бірге сақтандыру):

а) өмірді сақтандыру,

б) өмірді сақтандырудан өзге сақтандыру.

ii. Қайта сақтандыру;

iii. Брокерлік және агенттік делдалдық сияқты сақтандыру делдалдығы;

iv. Консультациялық, актуарлық қызметтер, тәуекелді бағалау және талап-арыздарды реттеу жөніндегі қызметтер сияқты сақтандыру жөніндегі қосалқы қызметтер.

4.2. Банк қызметтері

i. Халықтан депозиттер мен басқа да төленуге тиіс ақша қаражатын қабылдау;

ii. Тұтыну кредитін, кепіл кредитін, факторинг пен коммерциялық операцияларды қаржыландыруды қоса алғанда, барлық түрлердегі несиелерді беру;

iii. Қаржы лизингі;

iv. Кредит беруді, төлем және дебет карточкаларын, жол чектері мен банк вексельдерін қоса алғанда, төлемдер мен ақша аударымдары жөніндегі қызметтердің барлық түрлері;

v. Валюта биржасында және биржадан тыс, не өзге де түрде өз есебінен және клиенттердің есебінен:

а) шетелдік валютамен;

в) деривативтермен, оның ішінде, бірақ тек олармен ғана емес, фьючерстермен және опциондармен;

г) "своп" мәмілелері және форвардтық мәмілелер сияқтыларды қоса алғанда, валюталық бағамдар мен пайыздық ставкаларға қатысты құралдармен сауда-саттық жасау;

4.3. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметтер

i. Валюта биржасында және биржадан тыс, не өзге де түрде өз есебінен және клиенттердің есебінен:

а) ақша нарығының құралдарымен (чектерді, аударымдық векселдерді, депозиттік сертификаттарды қоса алғанда);

б) аударымдық бағалы қағаздармен;

в) өзге де айналымдық құралдармен және қаржы активтерімен сауда-саттық жасау.

ii. Агент (мемлекеттік немесе жеке меншік) ретінде кепілдік беру мен орналастыруды, және осындай эмиссияларға жататын қызметтер көрсетуді қоса алғанда, бағалы қағаздардың барлық түрлерінің эмиссияларына қатысу;

iii. Қаржы нарығындағы брокерлік операциялар;

iv. Қолма-қол ақша немесе бағалы қағаздар сияқты активтерді басқару, ұжымдық инвестицияларды басқарудың барлық түрлері, зейнетақы қорын басқару, қамқоршылық, сақтау жөніндегі қызметтер және трастылық қызметтер;

v. Бағалы қағаздарды, деривативтерді және басқа да құралдарды қоса алғанда, қаржы активтері бойынша клирингілік қызметтер;

vi. Қаржы ақпаратын ұсыну және беру және басқа қаржы қызметтерін көрсетушілердің қаржылық деректер мен тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді өңдеуі;

vii. Кредит мәселелері жөніндегі анықтамалық және талдамалық материалдарды, тікелей және портфельдік инвестициялар бойынша зерттеулер мен ұсынымдарды, корпорацияны сатып алу, қайта ұйымдастыру және оның стратегиясы мәселелері жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, осы тармақтың "i" - "v" тармақшаларында санамаланған қызметтің барлық түрлеріндегі консультациялық, делдалдық және басқа да қосалқы қаржы қызметтері.

3-бап Ішкі реттеу

1. Тарап мемлекетінің аумағындағы қаржы қызметтері нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды, сондай-ақ арнайы лицензияларды беру тәртібі аумағында қызметті жүзеге асыру болжанатын Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы Келісімде еш нәрсе де Тарапқа инвесторларды, салымшыларды, полистер ұстаушыларды және қызметтерді көрсетушілердің олардың алдында фидуциарлық жауапкершілігі бар тұлғаларды қорғауды қоса алғанда, пруденциялық шаралар, немесе қаржы жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған шаралар қабылдауға кедергі келтірмейді. Егер мұндай шаралар Келісімнің ережелеріне сәйкес келмесе, олар Келісімге сәйкес осындай тарап қабылдаған міндеттемелерді орындаудан тараптың жалтару құралы ретінде пайдаланылмауға тиіс.

3. Осы Қосымшада еш нәрсе де жеке клиенттердің шоттарына қатысты ақпаратты, немесе басқа қандай да бір құпия немесе мемлекеттік мекемелердің билігінде бар меншіктегі ақпаратты ашуға Тарапқа қойылатын талап ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

4-бап Тараптардың заңнамаларын үндестіру

Тараптар халықаралық қағидаттар мен стандарттардың, не озық халықаралық практиканың базасында, және Тараптардың мемлекеттерінде қолданылатын ең жақсы стандарттар мен практикадан төмен емес ұлттық заңнамаларды Тараптардың өз қызметін мынадай қызмет секторларында жүзеге асыратын тұлғаларына қатысты бірыңғай талаптар деңгейін белгілеу мақсатында үйлестіруді жүзеге асырады:

- i. Банк қызметтері;
- ii. Сақтандыру қызметтері;
- iii. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметтер.

5-бап Үйлестіруді жүзеге асыру тәртібі

1. Тиісті қағидаларды үйлестіруді мынадай кезеңдерге сәйкес жүзеге асырылады:

1.1. 2013 жылғы 31 желтоқсанға қарай тараптар Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше елдердің қаржы нарықтарындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар туралы келісім жасасады. Бұл Келісім Тараптардың ұлттық заңнамасын, атап айтқанда, осы Қосымшаның 4-бабында көрсетілген қызметтер секторларындағы қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияларды беру талаптары мен шарттары саласында үндестіру бағыттары мен тәртібін көздейтін болады.

1.2. Тараптар 2015 жылға қарай Тараптар мемлекеттерінің қаржы нарығын реттеу жөніндегі ұлттықтан жоғары органды құру мен оның жұмыс істеуі мүмкіндігін қарайды

1.3. 2020 жылғы 1 қаңтарға қарай Тараптар осы Қосымшаны 4-бабында көрсетілген қызметтер секторларындағы ұлттық заңнамаларды біріздендіру үдерісін аяқтайды.

1.4. Осы Келісімге сәйкес жұмыс істей отырып, 2020 жылдың 1 ақпаннан бастап осы қосымшаның 4-тармағында көрсетілгеніндей, кез-келген басқа аумақтық жағынан берілген секторлардағы қызмет көрсету лицензиясын өзара тануға ұмтылады.

2. 2020 жылғы 1 қаңтарға қарай Тараптар мынадай параметрлерге қол жеткізуге тиіс

:

2.1. Банк секторында

Ұлттық заңнаманың шеңберінде Тараптар өз әрекеттерінде Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің тиімді банктік қадағалаудың негізгі қағидаттарын және ең озық халықаралық практиканы басшылыққа ала отырып, оның ішінде мыналарға:

i. "кредиттік ұйым" ұғымына және оның заңгерлік мәртебесіне;

ii. кредиттік ұйымдардың, банк топтарының және олардың аффилиирленген тұлғаларының, банктік холдингтердің ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарына;

iii. банк секторын қоса алғанда, қызметтің барлық түрлері үшін Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес белгіленген бухгалтерлік есеп пен аудиторлық тексерулерді жүзеге асыру қағидаларына, және Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес қаржылық (бухгалтерлік) есептіліктің аудитін жүргізу жөніндегі талаптарға;

iv. кредиттік ұйым құрудың тәртібі мен шарттарына, атап айтқанда мыналарға қатысты:

а) құрылтайшылық құжаттарға қойылатын талаптарға;

б) заңды тұлғаны/филиалды мемлекеттік тіркеу мен кредиттік ұйымды мемлекеттік тіркеу тәртібіне;

в) кредиттік ұйым жарғылық капиталының ең аз мөлшерін айқындауға, оны қалыптастыру тәртібі мен төлеу тәсілдеріне;

г) кредиттік ұйымның басшы қызметкерлерінің кәсіптік біліктілігі мен іскерлік беделіне қатысты қойылатын талаптарға;

д) банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны беру тәртібі мен шарттарына, оның ішінде банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны алу үшін қажетті құжаттарға қойылатын талаптарға қатысты;

v. кредиттік ұйымды ұлттық тіркеуден және банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны беруден бас тарту үшін негіздемелерге;

vi. кредиттік ұйымды таратудың немесе қайта ұйымдастырудың (оның ішінде мәжбүрлеп таратудың) тәртібіне, рәсімдеріне және шарттарына;

vii. кредиттік ұйымнан банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны қайтарып алу үшін негіздемелерге;

viii. кредиттік ұйымдарды қосу, қосылу және қайта өзгерту нысанында қайта ұйымдастырудың тәртібі мен ерекшеліктеріне;

ix. кредиттік ұйымның қаржылық сенімділігін қамтамасыз етуге, оның ішінде банк операцияларынан өзге кредиттік ұйымдар үшін рұқсат етілген қызмет түрлерін, пруденциалдық нормативтерді, міндетті резервтер мен арнайы провизияларды айқындауға;

x. Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдарының кредиттік ұйымдардың, банктік холдингтердің және банк топтарының қызметін қадағалауды жүзеге асыру тәртібіне;

xi. кредиттік ұйымдарға және банктік холдингтерге санкциялардың тәртібіне, шарттарына және мөлшеріне;

xii. банк топтары мен банктік холдингтердің қызметі мен қаржылық сенімділігіне қойылатын талаптарға;

xiii. халықтың салымдарын сақтандыру жүйесін құруға және оның жұмысына (салымдар бойынша өтемақы төлеу сомасын қоса алғанда);

xiv. кредиттік ұйымдарды қаржылық сауықтыру және банкроттығы рәсімдеріне (кредиторлардың құқықтарын регламенттеуді, талаптарды қанағаттандыру кезектілігін қоса алғанда);

xv. банктік деп танылған операциялардың тізбесіне;

xvi. банк операцияларының жекелеген технологиялық бөліктерін жүзеге асыруға құқылы ұйымдардың тізбесі мен олардың мәртебесіне қатысты кредиттік ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі бірыңғай талаптарды құрады.

2.1.1. Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше елдердің қаржы нарықтарындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар туралы келісімнің шеңберінде Тараптар осы нарықтағы қызметті бақылау мен қадағалау саласындағы Тараптардың құзыретті органдары өзара іс-қимылының параметрлерін және кредиттік ұйымдардың, банктік холдингтердің және банк топтарының қызметімен байланысты өзге де салалардағы үйлестіруді әзірлейді.

2.2. Сақтандыру секторында

- 2.2.1. Ұлттық заңнаманың шеңберінде Тараптар өз әрекеттерінде IAIS тиімді сақтандыру қадағалауының негізгі қағидаттарын және ең озық, оның ішінде мыналарға:
- i. "сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысы" үйлестірілген ұғымына және оның заңды мәртебесіне;
 - ii. сақтандыру нарығының кәсіби қатысушысы қаржылық, оның ішінде мыналарға:
 - a) сақтандыру, бірге сақтандыру, қайта сақтандыру, өзара сақтандыру жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті сақтандыру резервтеріне;
 - b) сақтандыру резервтерін жабу үшін қабылданатын активтердің құрамы мен құрылымына;
 - b) жарғылық және жеке меншік капиталдарды қалыптастырудың ең төменгі деңгейіне және тәртібіне;
 - г) сақтандыру қоржынын беру шарттары мен тәртібіне қатысты тұрақтылығын қамтамасыз етуге;
 - iii. сақтандыру секторы үшін Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес белгіленген бухгалтерлік есеп пен аудиторлық тексерулерді жүзеге асыру қағидаларына, және Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес қаржылық (бухгалтерлік) есептіліктің аудитін жүргізу жөніндегі талаптарға;
 - iv. сақтандыру қызметін құру мен лицензиялаудың тәртібі мен шарттарына;
 - v. Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдарының сақтандыру нарығына кәсіби қатысушының қызметін қадағалауды жүзеге асыруы тәртібіне;
 - vi. сақтандыру нарығына кәсіби қатысушының нарықтағы қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзғаны үшін санкциялардың тәртібіне, шарттарына және мөлшеріне;
 - vii. сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылардың басшы қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі мен іскерлік беделіне қатысты қойылатын талаптарға;
 - viii. сақтандыру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияны беруден бас тарту үшін негіздемелерге;
 - ix. сақтандыру нарығына кәсіби қатысушыны таратудың немесе қайта ұйымдастырудың (оның ішінде мәжбүрлеп таратудың/банкроттығының) тәртібіне, рәсімдеріне және шарттарына;
 - x. сақтандыру нарығына кәсіби қатысушыдан сақтандыру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайтарып алу, сондай-ақ лицензияның күшін жою, шектеу немесе тоқтата тұру үшін негіздемелерге;
 - xi. сақтандыру нарығына кәсіби қатысушыны қосу, қосылу және қайта құру нысанында қайта ұйымдастырудың тәртібі мен ерекшеліктеріне;
 - xii. сақтандыру топтары мен сақтандыру холдингтерінің құрамына және олардың қаржылық сенімділігіне қойылатын талаптарға қатысты халықаралық практиканы басшылыққа ала отырып, сақтандыру нарығына кәсіби қатысушыларды реттеу және қадағалау жөніндегі бірыңғай талаптарды қалыптастырады.

2.2.2. Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше елдердің қаржы нарықтарындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар туралы келісімнің шеңберінде Тараптар осы нарықтағы қызметті бақылау мен қадағалау саласындағы Тараптардың құзыретті органдары өзара іс-қимылының параметрлерін әзірлейді.

2.3. Бағалы қағаздар нарығында

2.3.1. Ұлттық заңнаманың шеңберінде Тараптар мынадай қызмет түрлері бойынша талаптар мен шарттарды үйлестіреді:

- i. Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік қызмет;
- ii. Бағалы қағаздар нарығындағы дилерлік қызмет;
- iii. Бағалы қағаздарды, қаржы құралдарын басқару жөніндегі қызмет, зейнетақы активтерін және ұжымдық инвестицияларды сенімгерлік басқару;
- iv. Өзара міндеттемелерді айқындау жөніндегі қызмет (клиринг);
- v. Депозитарлық қызмет;
- vi. Бағалы қағаздар иелерінің тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет;
- vii. Бағалы қағаздар нарығындағы сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

2.3.2. Ұлттық заңнаманың шеңберінде Тараптар өз әрекеттерінде IOSCO, OECD бағалы қағаздар нарығының субъектілерін тиімді қадағалаудың негізгі қағидаттарын және ең озық, оның ішінде мыналарға:

- i. жарғылық капиталды қалыптастыру мен төлеу тәртібін айқындауға, сондай-ақ жеке меншік капиталдың жеткіліктілігіне қойылатын талаптарға;
- ii. бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны беру тәртібі мен шарттарына, оның ішінде бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны алу үшін қажетті құжаттарға қойылатын талаптарға қатысты;
- iii. бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың басшы қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі мен іскерлік беделіне қатысты қойылатын талаптарға;
- iv. бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыдан сақтандыру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайтарып алу, сондай-ақ лицензияның күшін жою, шектеу немесе тоқтата тұру үшін негіздемелерге;
- v. бағалы қағаздар нарығы қызметінің барлық түрлері үшін Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес белгіленген бухгалтерлік есеп пен аудиторлық тексерулерді жүзеге асыру қағидаларына, және Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес қаржылық (бухгалтерлік) есептіліктің аудитін жүргізу, сондай-ақ ішкі есепті ұйымдастыру мен ішкі бақылау жөніндегі талаптарға;
- vi. бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыны таратудың немесе қайта ұйымдастырудың (оның ішінде мәжбүрлеп таратудың) тәртібіне, рәсімдеріне және шарттарына;
- vii. бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыдан бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны қайтарып алу үшін негіздемелерге;

viii. бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзғаны үшін санкциялардың тәртібіне, шарттарына және мөлшеріне;

ix. Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдарының бағалы қағаздар нарығындағы субъектілердің (қатысушылардың) қызметін қадағалауын жүзеге асыру тәртібіне;

x. бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметіне қойылатын талаптар мен шарттарға қатысты халықаралық практиканы басшылыққа ала отырып, осы Баптың 2.3.1-тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау жөніндегі бірыңғай талаптарды қалыптастырады.

2.3.3. Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше елдердің қаржы нарықтарындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар туралы келісімнің шеңберінде Тараптар осы нарықтағы қызметті бақылау мен қадағалау саласындағы Тараптардың құзыретті органдары өзара іс-қимылының параметрлерін әзірлейді.

6-бап Тану

1. Тарап кез келген басқа Тараптың ол қаржылық қызметтер көрсетуге жататын шаралар қолдануды белгілеген кездегі пруденциялық шараларын тануы мүмкін. Тараптардың ұлттық заңнамаларын үйлестіру арқылы немесе өзге түрде қол жеткізілуі мүмкін осындай тану мүдделі Тараппен келісімге немесе уағдаластыққа негізделуі мүмкін немесе бір жақты тәртіппен ұсынылуы мүмкін.

2. Кез келген басқа Тараптың болашақтағы да, сонымен бірге қолданыстағы да пруденциялық шараларын тану туралы Келісімнің немесе уағдаластықтың Тарабы болып табылатын Тарап басқа мүдделі Тараптарға олардың осындай келісімдерге немесе уағдаластықтарға қосылуы туралы келіссөздер жүргізуінің немесе жағдайларға байланысты баламалы қағидаларды, осындай қағидалардың жүзеге асырылуын бақылауды, тетігін, және егер мүмкін болса, осындай келісімдер мен уағдаластықтардың мүшелері арасында ақпаратпен алмасуға қатысты рәсімдерді қамтуы мүмкін соған ұқсас келісімдер мен уағдаластықтар жасасу туралы келіссөздер жүргізуіне тиісті мүмкіндік береді. Егер Тарап тануды бір жақты тәртіппен берсе, онда ол кез келген басқа Тарапқа осындай жағдайлардың бар екендігін көрсетудің (құқықтық тетіктерді пайдалана отырып) тиісті мүмкіндігін іске асыруға кепілдік береді.

7-бап БЭК-тің өзге де келісімдерін қолдану

Осы Қосымшаның ережелері Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердегі валюта саясатының келісілген қағидаттары туралы 09.12.2010 ж. келісімнің ережелері және Қаржы нарықтарында капиталдың еркін қозғалысын

қамтамасыз ету үшін жағдай жасау туралы 09.12.2010 ж. келісімге зиян тигізбей қолданылады.

8-бап Шектеулердің күшін жою

Әрбір Тарап оларда барлық Тараптар осы Қосымшаның 5-бабының 1.3-тармағында көзделген ұлттық заңнаманы үйлестіру туралы шартты орындаған, осы қосымшаның 5-бабының 1.4.-тармағында көрсетілген лицензияларды өзара тану туралы шартты орындаған және осы Қосымшаның 5-бабының 2-тармағында көрсетілген параметрлерге қол жеткізген қаржы қызметтері секторларына қатысты осы Келісімге IV қосымшадағы оның жеке ұлттық тізбесінде көрсетілген шараларды қолдануды тоқтатады.

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердегі қызметтер көрсету саудасы және инвестициялар туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің орыс тіліндегі мәтінін мемлекеттік тілге дұрыс аударылғанын растаймын.

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және
сауда министрлігінің
Халықаралық қатынастар
департаменті директорының
орынбасары

Ә. Нұрабаева

Осымен, бұл мәтін 2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында Беларусь Республикасының атынан - Беларусь Республикасы Премьер-министрінің орынбасары А.В.Кобяков, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші Орынбасары Ө.Е.Шөкеев, Ресей Федерациясы Үкіметінің атынан - Ресей Федерациясы Үкіметінің Бірінші орынбасары И.И.Шувалов қол қойылған Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердегі қызметтер саудасы мен инвестициялар туралы Келісім түпнұсқасының толық және тең заңды көшірмесі болып табылатынын растаймын.

Түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінде сақталуда.

Барлығы 157 парақтарға қол қоюмен
және мөрімен бау өткізіп, бекітілген

ЕурАзЭҚ Интеграциялық
Комитеті Құқықтық
Департаментінің Басшысы

В.С.Князев

13.12.2010 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК